

## Дәрілік затты қосымша беру туралы

### *Күші жойған*

Қарағанды облыстық мәслихатының 2014 жылғы 11 желтоқсандағы XXXI сессиясының № 358 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 18 желтоқсанда № 2871 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облыстық мәслихатының 2021 жылғы 25 ақпандағы № 34 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облыстық мәслихатының 25.02.2021 № 34 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Кодексіне, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қарағанды облыстық мәслихаты, **ШЕШТІ:**

1. Дәрілік зат тегін берілетін амбулаториялық емдеу кезінде азаматтардың жекелеген санаттарына қосымша: "Бехтерев ауруы" диагнозы бар азаматтарға дәрілік заты берілсін (рецепт бойынша).

2. Шешімнің орындалуын бақылау облыстық мәслихаттың әлеуметтік-мәдени даму және халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі тұрақты комиссиясына (Әдекенов С.М.) жүктелсін.

3. Осы шешім ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Облыстық мәслихаттың хатшысы

М. Миргаязов

Н. Дулатбеков